

## ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

**2** -тапсырма.

Қалай ойлайсың, бірінші бағандағы сөздердің мағынасы қандай? Екінші бағаннан тауып айт. Келесі бағанға сол сөздердің орысша аудармасын жаз.

Сөздер	Мағынасы	Аудармасы
Құнарлы	Бір нәрсенің қалған бөлігі. Мыс., көмірдің ~...ғы, мұнайдың ~...ғы.	
Айыппұл	1. Сұйық заттарды керексіз қосындылардан тазарту үшін	
Қалдық	Жанды ағзалардың тіршілік ортасымен байланысын зерттейтін биология ғылымының бір саласы.	
Экология	1. Топырағы шұрайлы. Мыс., ~ топырақ; 2. Жұғымды,	
Сүзгі	Қылмыс жасап, жазалы болғанғы үшін заттай төленетін ақы.	

## ЖАЗЫЛЫМ

**3** -тапсырма.

Сөздерді септеп жаз. Олардың септік жалғауы жалғанған түрімен сөйлем құра.

Қалдық, байлық, айыппұл, таралу, бұзылу, қауіп.

<b>Атау септік</b> (именительный падеж)	Кім? (кто?) Не? (что?)	-----
<b>Лік септік</b> (родительный падеж)	Кімнің? (чей? чья? чье?) Ненің?	дың / дің л р у й / ж з тың / тің глух / б в г д ның / нің гласн / м н ң / 3 лицо
<b>Барыс септік</b> (направительно- дательный падеж)	Кімге? (кому?), Неге? (чему?), Қайда? (куда?).	ға / ге гласн / сонор / ж з қа / ке глух / б в г д на / не 3 а / е 1 / 2 лицо притяжательная форма
<b>Табыс септік</b> (винительный падеж)	Кімді? Кімдерді? (кого?), Неңі? Нелерді? (что?)	ды / ді сонор / ж з ты / ті глух / б в г д ны / ні гласн н 3 лицо
<b>Жатыс септік</b> (местный)	Кімде? (у кого?), Неде? (у чего?), Қайда (где?), Қашан? (когда?)	да / де гласн / сонор / ж з та / те глух / б в г д нда / нде 3 лицо
<b>Шығыс септік</b> (исходный падеж)	Кімнен? (от кого?), Неден? (из чего?), Қайдан? (откуда?)	дан / ден гласн / л р у й / ж з тан / тен глух / б в г д нан / нен м н ң / 3
<b>Көмектес септік</b> (инструментальный падеж)	Кіммен? - с кем? Немен? - с чем?, Қалай? - как?	бен ж з пен глух / б в г д мен гласн / сонор / 3 лицо



## 9 -тапсырма.

Қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемдерді аяқта.

**Қажетті сөздер:** жұқаруы, тозуы, ластануы, мұнай қалдықтарымен, жойылады, алдын алу үшін, қырылуы, сүзгілер орнатылады.

Бүгінгі күні табиғи экожүйенің бүлінуі, озон қабатының ... , атмосфераның, әлемдік мұхиттың судың, қоршаған ортаның ... үлкен мәселе болып отыр. Экологиялық мәселелерге ауаның ластануы, жердің ... , ... мұхит, теңіз суларының ластануы жатады. Теңіз, мұхит суларының ластануынан ондағы тіршілік көзі ... . Мәселен, балықтар мен итбалықтардың ... . Осы мәселелердің ... мұнай өндіру құралдарына арнайы ... . Ауаны тазарту жұмыстары жүреді.

## ЖАЗЫЛЫМ

## 12 -тапсырма.

Үш нұсқаның ішінен қажетті сөзді таңдап жаз.

Арал теңізінің суы (*көбейді, құйылды, тартылды*). Арал экологиялық (*апатты аймаққа, гүлденген аймаққа, әдемі жерге*) айналды. Суы тартылып, теңіздің түбі (*жарылып кетті, тесіліп қалды, құрғап қалды*). Құрғап қалған теңіздің түбіндегі зиянды тұзды шаңдар (*сумен тарайды, желмен тарайды, сөзбен тарайды*). Бұл тұздар ауаны ластап, (*қышқыл, тәтті, ыстық*) жаңбыр жауады.

